

23 мамыр 2025 жыл

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
2025 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелері**

Астана, 23 мамыр 2025 жыл – Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «ҚМГ», «Компания»), халықаралық қаржы есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 «Аралық қаржы есептілігі», тәуелсіз аудитордың аралық қаржылық ақпаратты шолу тексеруінің нәтижелері бойынша есебіне сәйкес жасалған 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігін жариялайды.

2025 жылдың бірінші тоқсаны үшін негізгі қаржы көрсеткіштері¹ 2024 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда:

- Түсім 2 227 млрд теңгемен (4 948 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 2 241 млрд теңгені (4 394 млн АҚШ долл.) құрады;
- EBITDA көрсеткіші 549 млрд теңгемен (1 219 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 582 млрд теңгені (1 142 млн АҚШ долл.) құрады;
- Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайда үлесін ескере отырып, Компанияның таза пайдасы 300 млрд теңгемен (667 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 193 млрд теңгені (377 млн АҚШ долл.) құрайды.
- Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайда үлесіне түзетілген таза пайда² 201 млрд теңгемен (446 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 164 млрд теңгені (321 млн АҚШ долл.) құрады;
- Бос ақша ағыны 144 млрд теңгемен (320 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 283 млрд теңгені (555 млн АҚШ долл.) құрады;
- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 3 967 млрд теңге (7 555 млн АҚШ долл.) мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2025 жылғы 31 наурыздағы жалпы берешек 3 932 млрд теңгені (7 795 млн АҚШ долл.) құрады;
- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 1 163 млрд теңге (2 214 млн АҚШ долл.) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда Компанияның 2025 жылғы 31 наурыздағы таза берешегі 933 млрд теңгені (1 850 млн АҚШ долл.) құрады.

¹ Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орта айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2025 жылдың 1-тоқсаны және 2024 жылдың 1-тоқсаны үшін орташа бағам 510,05 және 454,82 теңге/ АҚШ долл. құрайды, тиісінше; кезең соңына бағамы – 2025 жылғы 31 наурыздағы және 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 504,44 және 525,11 тиісінше 525,11 теңге/АҚШ долл. құрайды).

² Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайда үлесіне түзетілген таза пайда = Таза пайда плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайдасы үлесі.

Көрсеткіштің атауы	Өлш. бірл.	2025ж. 3 айы	2024ж. 3 айы	%
Мұнай, Dated Brent ³	\$/барр.	75,73	83,16	-8,9%
Мұнай, Dated Urals ³	\$/барр.	65,78	71,06	-7,4%
Мұнай, KEBSCO ³	\$/барр.	76,67	82,17	-6,7%
Орташа бағам	теңге/ АҚШ доллары	510,05	450,18	13,3%
Түсім	млрд теңге	2 241	2 227	0,6%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайда үлесі	млрд теңге	185	154	20,1%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардан және қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	млрд теңге	156	55	185,3%
Таза пайда	млрд теңге	193	300	-35,9%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда	млрд теңге	164	201	-18,6%
EBITDA ⁴	млрд теңге	582	549	6,2%
Түзетілген EBITDA көрсеткіші ⁵	млрд теңге	553	449	23,2%
Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	129	112	14,5%
Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)	млрд теңге	144	126	14,1%
Бос ақша ағыны ⁶	млрд теңге	283	144	96,4%
Жалпы борыш ⁷	млрд теңге	3 932	3 967 ⁸	-0,9%
Таза борыш ⁹	млрд теңге	933	1 163	-19,7%

³ Дереккөз: S&P Global Platts.

⁴ EBITDA = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

EBITDA = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

⁶ Бос ақша ағыны = операциялық қызметтен алынған таза ақша ағыны минус негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау активтерін сатып алу. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер операциялық қызметтен алынған ақша ағынына кіреді.

⁷ Есепті кезеңнің соңындағы жалпы борыш = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁸ Жалпы борыш және Таза борыш 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген.

⁹ Таза борыш = кезең соңындағы облигациялар плюс қарыздар минус ақшалай қаражаты және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

2025 жылдың бірінші тоқсаны үшін негізгі өндірістік көрсеткіштер¹⁰ 2024 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру 5,8% артып, 6 416 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау 2,9% немесе 20 920 мың тоннаға төмендеді;
- Қазақстандық және румындық мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 11,1% ұлғайып, 5 137 мың тоннаны құрады.

	2025 ж. 1-тоқ. (ҚМГ үлесіне)	2024 ж. 1-тоқ. (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	6 416	6 064	+5,8%
Газ өндіру, млн м ³	2 841	2 522	+12,7%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	20 920	21 541	-2,9%
Мұнай өңдеу, мың тонна	5 137	4 626	+11,1%

2025 жылдың бірінші тоқсаны үшін қаржы нәтижелеріне шолу

Түсім

Компанияның 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы кірісі 2 241 млрд теңгені (4 394 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштен 0,6% жоғары. Түсімнің тұрақтылығы бірқатар факторларға, соның ішінде «ПМХЗ» ЖШС және KMG International көмірсутек шикізатын өңдеу көлемінің өсуімен, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС және «KMG Systems & Services» ЖШС компаниялары түсімінің ұлғаюымен байланысты. Бұл мұнай бағасының төмендеуінің, сондай-ақ мұнай тасымалдау көлемінің төмендеуінің теріс әсерін өтеп берді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайда үлесі

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайда үлесі 20,1% ұлғайып, 185 млрд теңгені (363 млн АҚШ долл.) құрады. Өсім мынадай компаниялардың қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруымен байланысты – «Теңізшевройл» ЖШС – Болашақ кеңейту жобасы шеңберінде үшінші буындағы зауытта өндірудің басталуы себепті кірістің ұлғаюы есебінен (2025 жылғы қаңтар), «ПҚОП» ЖШС – көмірсутек шикізатын өңдеу көлемінің ұлғаюы, есепті кезеңде жөндеудің болмауы және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының өзгеруі есебінен, Каспий құбыр консорциумы – Теңіз кен орнынан мұнай тасымалдаудың өсуіне байланысты мұнай тасымалдау көлемінің өзгеруі, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына бағамының өсуі аясында, «KC Energy Group» ЖШС – мұнай өнімдерін өткізу көлемінің өсуі мен бағасының өзгеруі¹¹.

EBITDA

EBITDA көрсеткіші 2025 жылдың бірінші тоқсанында 6,2% өсіп, 582 млрд теңгені (1 142 млн АҚШ доллары) құрады. Өсім бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың

¹⁰ Өндірістік көрсеткіштер бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелену үлесіне сәйкес және егер өзгеше көрсетілмесе, толық шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-і көрсетілген. Толық ақпаратты 2025 жылдың 3 айындағы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасын мына сілтеме бойынша оқи аласыз: <https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/>

¹¹ «KC Energy Group» ЖШС «PETROSUN» ЖШС-ның ағымдағы қызметіне ұқсас шарттарда, қатысушылардың құрамы және басқару тетіктері бірдей шарттарда құрылған. «PETROSUN» ЖШС қызметі кезең-кезеңімен «KC Energy Group» ЖШС-ға ауыстырылады деп жоспарлануда.

пайдасындағы үлестің артуымен және сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері мен басқа материалдардың өзіндік құнының төмендеуімен байланысты.

Түзетілген EBITDA көрсеткіші

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді көрсететін EBITDA түзетілген көрсеткіші 23,2 төмендеп, 553 млрд теңгені (1 085 млн АҚШ долл.) құрады.

Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,9% төмендеп, 193 млрд теңгені (377 млн АҚШ долл.) құрады. Таза кірістің төмендеуі басқа қаржылық кірістердің төмендеуімен, амортизацияға шығыстардың өсуімен, сондай-ақ теріс бағамдық айырмашылықпен және негізгі құралдар мен барлау шығыстарының құнсыздануымен байланысты.

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда

Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың үлесіне түзетілген таза пайда 2024 жылғы бірінші тоқсандағы 201 млрд теңгеден (446 млн АҚШ долл.) 2025 жылғы бірінші тоқсандағы 164 млрд теңгеге (321 млн АҚШ долл.) дейін 18,6% төмендеді.

Сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны 3,9% төмендеп, 1 216 млрд теңгеге (2 384 млн АҚШ долл.) жетті. Бұл негізінен мұнай бағасының төмендеуі аясында қайта сату үшін сатып алынған мұнай құнының төмендеуімен байланысты.

Операциялық шығындар

Өндірістік шығындар 10,3% өсіп, «KMG Systems & Services» ЖШС мұнай сервистік компаниясының электр энергияға жұмсалатын шығыстарының, өндірістік сипаттағы жұмыстары мен қызметтеріне жұмсалатын шығыстардың өсуі және KMG International-да дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің өзгеруі салдарынан 362 млрд теңгені (710 млн АҚШ долл.) құрады.

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар 71 млрд теңгені (140 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен 7,3% жоғары. Өсім негізінен «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстардың ұлғаюымен байланысты.

Жалпы және әкімшілік шығындар 16,5% ұлғайып, ҚМГ корпоративтік орталығында «Өзенмұнайгаз» АҚ өтеуіне ҚҚС құнсыздануын, есепке алынбаған ҚҚС шығындарын есептеу салдарынан 45 млрд теңгені (89 млн АҚШ долл.) құрады.

Табыс салығынан басқа салықтар 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда шикі мұнай экспортына рента салығы, акциздер, экспорттық кедендік баж бойынша шығыстардың өсуі және

2025 жылдың бірінші тоқсанындағы айналым салығын тану салдарынан 11,9% ұлғайып, 149 млрд теңгені (293 млн АҚШ долл.) құрады.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

2025 жылдың бірінші тоқсанында негізгі құралдардың құнсыздану сомасы және барлау шығыстары 23 млрд теңгені (44 млн АҚШ долл.) құрады. Құнсызданудың негізгі сомасы¹² Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыландыру зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салуға жұмсалған шығыстардың 22 млрд теңге (43 млн АҚШ долл.) сомасына құнсыздануына тең.

Күрделі шығындар

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар 14,5% ұлғайып, 129 млрд теңгені (252 млн АҚШ долл.) құрады, бұл «Ak Su KMG» ЖШС («Өзенмұнайгаз» АҚ еншілес компаниясы) теңіз суын тұщыландыру зауытын және жеткізу инфрақұрылымын салу жобасы бойынша өткен кезең шығындарын ауыстырумен, «ПМХЗ» ЖШС – парафинсіздендіру блогымен интеграциялай отырып, дизель отынын гидротазарту қондырғысын реконструкциялау жобасы бойынша жұмыстарды орындау салдарынан, «Ембімұнайгаз» АҚ – ұңғымаларды, сорғы-компрессорлық құбырларды салу және жайластыру, қайта жабдықтау, сондай-ақ жобалау-іздістіру жұмыстарына арналған шығындар.

Ақша ағындары бөлінісіндегі күрделі шығындар 14,1% өсіп, 144 млрд теңгені (283 млн АҚШ долл.) құрады. Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау және бағалау активтерін сатып алуға арналған шығыстардың ұлғаюы «Өзенмұнайгаз» АҚ және «ПМХЗ» ЖШС күрделі шығындарының өсуімен байланысты.

Бірлескен кәсіпорындардан және қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, нетто

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер 2024 жылдың ұқсас кезеңіндегі 55 млрд теңгемен (122 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 156 млрд теңгені (307 млн АҚШ долл.) құрады. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтердің өсуі «Теңізшевройл» ЖШС дивидендтерінің 2024 жылғы бірінші тоқсандағы 38 млрд теңгеден (85 млн АҚШ долл.) 2025 жылғы бірінші тоқсандағы 128 млрд теңгеге (251 млн АҚШ долл.) дейін ұлғаюымен, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ дивидендтерінің 19 млрд теңгеге дейін (38 млн АҚШ долл.) 43,5% ұлғаюымен, сондай-ақ «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-ның 5 млрд теңге (9 млн АҚШ долл.), Каспий Құбыр Консорциумы 4 млрд теңге (7 млн АҚШ долл.) дивиденд төлеуімен байланысты.

Бос ақша ағыны

Бос ақша ағыны 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 96,4% ұлғайып, 283 млрд теңгені (555 млн АҚШ долл.) құрады. Көрсеткіштің өсуі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан

¹² Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде Жаңаөзен қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ еншілес компаниясы «Ak Su KMG» ЖШС Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыландыру зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салуға кірісті. ҚМГ аталған объектінің өтелетін құны нөлге тең деп есептейді және тиісінше, 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айда шеккен құрылыс шығындарының құнсыздануын мойындады.

компаниялардан алынған дивидендтердің өсуін қоса алғанда, операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындарының өсуімен байланысты.

Берешекті басқару

Берешек жүктемесінің көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Өлш. бірл.	2025 жылдың 31 наурызы	2024 жылдың 31 наурызы	%
Облигациялар	млрд теңге	3 241	3 288	-1,4%
Қарыз	млрд теңге	691	679	1,7%
Жалпы борыш	млрд теңге	3 932	3 967	-0,9%

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

ҚМГ жалпы берешегі негізінен АҚШ долларымен номинацияланды (2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 75%). Жалпы берешек 2024 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 31 наурызға дейін теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюына байланысты 2024 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,9% төмендеп, 3 932 млрд теңгені (7 795 млрд АҚШ долл.) құрады.

Таза қарыз

2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша таза қарыз 933 млрд теңгені (1 850 млн АҚШ долл.) құрап, 2024 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда теңгемен 19,7% және доллармен 16,5% төмендеді.

Ақшалай қаражат

Шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты

Көрсеткіштің атауы	Өлш. бірл.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	%
Ақша қаражаты және олардың баламалары	млрд теңге	1 789	1 216	47,1%
Ұзақ мерзімді депозиттер	млрд теңге	72	74	-3,2%
Қысқа мерзімді депозиттер	млрд теңге	1 137	1 514	-24,9%
Ақша қаражаты және оның баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты	млрд теңге	2 999	2 805	6,9%

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

Шоғырландырылған ақшалай қаражат және олардың баламалары, оның ішінде депозиттер түріндегі ақшалай қаражат 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 6,9% ұлғайып, 2 999 млрд теңгені құрады. Доллардағы көрсеткіш 2024 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 11,3% артып, 5 945 млн АҚШ долл. құрады.

2025 жылдың бірінші тоқсанындағы негізгі корпоративтік оқиғалар:

- 2025 жылғы 4 қаңтарда «Теңізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасын іске асырудағы маңызды кезеңді аяқтады – Теңіз кен орнындағы жаңа үшінші буын зауытында шикі мұнай өндіру басталды.
- 2025 жылғы 8 қаңтарда «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысындағы Тайсойған учаскесінде алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылауды бастады.
- 2025 жылғы 10 ақпанда ҚМГ-ға 2023 жылға арналған Carbon Disclosure Project халықаралық рейтингінде «В» рейтингін берді. Бұрын баға «С» деңгейінде болған.
- 2025 жылғы 7 наурызда ҚМГ Маңғыстау облысында орналасқан «Болашақ» жер қойнауы учаскесіндегі күрделі жоба бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен ҚМГ арасында көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа қол қойды.
- 2025 жылғы 11 наурызда «CASPI BITUM» БК ЖШС-да мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайта отырып, жаңғырту жобасын іске асырудың соңғы кезеңі басталды, оған Т-1102 вакуумдық колоннасын монтаждау кіреді.
- 2025 жылғы 17 наурызда Компания мен «СИБУР Холдинг» ЖАҚ арасында «Полимер Продакшн» ЖШС жарғылық капиталына 60% қатысу үлесін сатып алу-сату шартына қол қойды.

Есептеу көрсеткіштері мен нәтижелері дәңгелектеумен көрсетілген. Сонымен қатар, кезеңдерді салыстыру кезінде дәңгелектеусіз нақты мәндер қолданылды. Компанияның пікірінше, дәңгелектеуге қатысты кез келген мүмкін түзетулер қаржылық нәтижелерге материалдық әсер етпеуі керек.

Толығырақ ақпарат мына сілтеме бойынша қол жетімді:

<https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/>

Байланыс

телефондары:

ir@kmg.kz

тел: +7 (7172) 78 64 34

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтерді көрсетуге дейін барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылды, еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүдделерін білдіреді.

ҚМГ негізгі активтеріне мыналар жатады:

Барлау және өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Орал Ойл энд Газ (ООГ) – 50%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (КБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПКИ) – 33%, Дунга – 60%, Теңізшевройл (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ – 10%, Қашаған – 16,88%.

Тасымалдау: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай Құбыры (ККТ) – 50%, МұнайТас – 51%, Батуми мұнай терминалы – 100%, Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%.

Өңдеу және басқалары: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ШМӨЗ – 49,72%, KMG International – 100%, Caspi Bitum – 50%, Петромидия – 54,6%, Вега – 54,6%, ҚазРосГаз – 50%, Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк. – 49,5%, Силено – 40%.